

Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округі әкімшілігі және жұмыс беруші арасындағы өндірістік процестерді тұрақтандыру, жұмысшылардың еңбек құқықтары мен жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік осал топтарына көмектесу бойынша ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы келісім меморандумы

Лесбек батыр аулы

«2» сәуір 2024 жыл

Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округі әкімшілігі және жұмыс беруші арасындағы өндірістік процестерді тұрақтандыру, жұмысшылардың еңбек құқықтары мен жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік осал топтарына көмектесу бойынша ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы келісім меморандумы (бұдан әрі – Меморандум) – Ақтөбе ауылдық округінің әкімі Е.Жасузаков (бұдан әрі – Әкімдік), «Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің директоры Б.Искендеров (бұдан әрі – Жұмыс беруші) ұсынылған, әрі қарай «Тараптар» арасында өзара келісім меморандумы түзілді. Осы келісім меморандумының тараптары төмендегідей келіседі.

1. Меморандумның мақсаты

Осы меморандумның мақсаты өндірістік кешенді тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, жұмыс орындарын сақтау және қызметкерлердің жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау болып табылады.

2. Өндірістік процесін тұрақтандыру, жұмысшылардың құқықтары қамтамасыз ету және жұмыспен қамту шаралары

1. Жұмыс берушінің міндеті:

1.1. Өнім (жұмыс) өндірісінің көлемін азайту кезінде кәсіподақпен (жұмысшылардың өкілдері) келісе отырып, жұмыс орындарын сақтаудың барлық мүмкіндіктерін, оның ішінде толық емес жұмыс режимін енгізуді қарастыру;

1.2. Экономикалық немесе өндірістік себептер бойынша жұмыстар уақытша тоқтатылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әлеуметтік қорғау шараларын қабылдау.

1.3. Әкімдікке ақпарат беру:

1) алдағы уақытта жұмыстан босатылатын қызметкерлердің саны немесе штаттың, жұмысшылар санының және санаттарының қысқаруына байланысты олардың лауазымдары мен кәсіптері, мамандықтары, біліктілігі және босатылатын қызметкерлерге төленетін сыйақы мөлшерлері және босату басталғанға дейін екі ай алдын босатылатын кезеңдерін көрсету;

2) өндірісті ұйымдастырудың өзгеруіне байланысты, оның ішінде қайта құру кезінде және (немесе) жұмыс беруші кемінде бір ай ішінде жасаған жұмыс

көлемінің азабына байланысты жұмысшылардың толық емес жұмыс уақытына ауысуы бөлігіндегі еңбек жағдайларының алдыңғы уақыттағы өзгеруі туралы;

3) жергілікті тұрғындардың әлеуметтік осал топтарына қаржылай көмек беру.

1.4. Жұмысшылардың қысқаруын болдырмау үшін уақытша жұмыс орындарын құру, сондай-ақ жұмысшыларды қайта даярлау шараларын қабылдау.

1.5. Жаңа өндірістер мен жұмыс орындары пайда болған жағдайда, кезек күттірмейтін мәселе ретінде, бұрын босатылған адамдардың ішінен бос лауазымға орналастыруға үміткерлер біліктілік талаптарына сәйкес қарастыру.

1.6. Қызметкерлерге жалақыны уақытылы төлеуін қамтамасыз ету.

1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үш жақты комиссияның шешімдерін, әлеуметтік серіктестік туралы жалпы салалық, аймақтық келісімнің, ұжымдық шарттың міндеттемелерін орындау.

2. Әкімдік міндетті:

2.1. Осы меморандумның іске асырылуы бойынша тараптардың бірлескен жұмысын үйлестіру.

2.2. Кәсіпорынның өндірістік қызметінің проблемалық мәселелерін шешу, инвестициялар тартуға және инновацияларды енгізуге қолайлы жағдай жасауға бағытталған шаралар қабылдау.

2.3. Жұмыс берушінің, кәсіподақтың қатысуымен ай сайын әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үш жақты комиссияда болжамды жағдайды және ұсынылған шараларды қарастыру.

2.4. Аймақтық еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша жұмысшыларды кәсіптік даярлау мен қайта даярлауға жәрдемдесу.

2.5. Әр босатылған қызметкердің жұмысқа орналасуын жеңілдету мақсатында қолданыстағы заңнама аясында барлық мүмкін және қол жетімді шаралар қабылдау.

2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік-еңбек қатынастары реттеу жөніндегі үш жақты комиссияның шешімдерін, әлеуметтік серіктестік туралы жалпы салалық, аймақтық келісімінің міндеттемелерін орындау.

3. Қорытынды ережелер

3.1. Осы меморандумға қол қойған әрбір тарап өз өкілеттіктері шегінде өзінің жауапкершілігін мойындайды және өзара келісім принциптері мен қол жеткізілген келісімдер негізінде туындаған мәселелерді шешуде ынтымақтасуға міндеттенеді.

3.2. Осы меморандум тең заңды күшке ие, әрқайсысы үшін бір данада жасалады.

3.3. Осы келісім меморандум өз қатысушыларына қандай да бір қаржылық және құқықтық міндеттемелерді жүктемейді, өзара келісіммен шешіледі. Келісім меморандумы үш данадан жасалады.

3.4. Осы меморандум тараптар қол қойғаннан кейін күшіне енеді.


Осы меморандумға қол қойғандар:

Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округі
БСН 000440003771

Түркістан облысы, Келес ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, Лесбек батыр ауылы, А. Тұралымұлы көшесі, 66 құрылыс.

Ақтөбе ауылдық округінің әкімі



 **Е.Жасузаков**

 2024 жыл

«Ермахан и Д.Н.» ЖШС

Түркістан облысы, Келес ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, Лесбек батыр ауылы, Керемет көшесі 9 үй.


БСН 060440007557

«Jusan Bank» АҚ

БСК TSESKZK

ЖШС-тің директоры



 **Б.Искендеров**

 2024 жыл